

Тақырыбы: Өмір, сен неткен ғажапсың!

Сабақтың мақсаты: Өмір адам баласына бір-ақ рет берілетін өте қымбат сый екенін түсінуге, өмірде өзіне сенімді болуға, өзін табуға, алдына мақсат қоя білуге, өмірді сүйуге үйрету. Өмірдің мәні туралы ой-пікірлерін ортаға салдыру.

Міндеттері:

- өмірге деген жағымды көзқарасын қалыптастыру;
- өзінде бар құндылықтарды бағалай білуге үйрету;
- «өмір» ұғымына тереңірек үңілуге ықпал жасау.

Сабақтың түрі: Психологиялық тренинг сабақ

Сабақтың әдісі: сұрақ- жауап, топпен жұмыс, пікірлесу, талдау әңгімелесу, ынталандыру.

1. Ұйымдастыру бөлімі: Сәлеметсіздер ме, балалар ! Мен бүгін сіздерді көргеніме өте қуаныштымын. Ал бүгінгі тақырыбымыз «Өмір, сен неткен ғажапсың!» деп аталады.

Шаттық шеңбері: Оқушылар шеңберге тұрып, бір-біріне күн сәулесін бере отырып тілек тілейді.

2. «Өмір сүрудің екі тәсілі бар. Біріншісі – ғажайып жоқ деп деп өмір сүру; екіншісі – бұл өмірде бәрі ғажайып деп өмір сүру» бұл сөзді Альберт Эйнштейн айтқан болатын.

Пікір алмасу: (Оқушыларға сөз беріледі)

- Өмір дегеніміз не, қалай түсінесіз?
- Өмір сүрген жақсы ма, әлде жаман ба?
- Келешекте сіз өз өміріңізді қалай құрар едің?
- Өмірде ғажайып болмайды деген пікірді қолдайтындар бар ма?
- Өмірде бәрі ғажайып деп ойлайтындар бар ма?

Мысал келтіріңіздерші, сіздерше ғажайып деген не? (жауап тыңдалады)

Мұғалім: Ғажайып бақытпен байланысты. Ал бақыт байлықпен саналмайды. Мысалы Наполеон барлығына қол жеткізді – атаққа, байлыққа, мәртебеге, бірақ өмірінің соңында ол «Менің өмірімде тіпті алты бақытты күн болмапты» деп өкінген екен. Ал журналистика мен әдебиет саласының профессоры Боргильд Даль менің тек қана бір көзім ғана көретін еді, оның да тек кішкене ғана саңылауынан ғана көретінмін. Бірақ ол өзін аяуға жол бермейтін еді. Сонымен 53 жасында көзіне ота жасағаннан кейін ол жақсы

көре бастайды. Ол өз кітабында «Мен асүйде ыдыс жуғанда көпіршіктерді көрген сайын ойнай бастаймын. Мен үшін бұл үлкен бақыт. Әр көпіршіктен неше түрлі бояуды көремін» деген екен. Мен, осындай мысалдар арқылы өмірдің әрбір сәтін бағалай білу қажет екенін көресіздер. Көре, ести алатынымызға, дем алғанымызға шүкір етуіміз қажет.

3. «Әріптерден басталады аялау» жаттығуы

Ойынның мақсаты балалардың көңіл-күйлерін көтеру, жылдам ойлауға, ұтымдылыққа тәрбиелеу.

Әркімде аяушылық сезім болуы керек. Аяушылық сезімі жоқ адам қауіпті. Мейрімділік жүректен бастау алады. Жылуы бар жүректен жылытатын сөз шығады. Балаларға, әріптер беріледі. Қатысушылардың міндеті сол әріптен басталатын әдемі сөздерді көбірек жазуы керек.

А	Қ	Ж	Б	С	К
Анашым	Қамқоршым	Жаным	Бақытым	Салмақтым	Көріктім
Ақылшым	Қымбаттым	Жарқыным	Базарым	Сүйіктім	Көркемім
Аяулым	Қадірлім	Жүрегім	Байлығым	Сұлуым	Кеңпейілім
Асылым	Құрметтім	Жылуым	Барым	Сырласым	Көзқуанышым
Алтыным	Құдіреттім	Жақыным	Бәйтерегім	Сабырлым	
Ардағым	Қайрымдым	Жанашырым	Бағым	Сымбаттым	

4. «Өмірдегі құндылықтар» жаттығуы

Оқушылар өмірдегі басты құндылықтарды үлестірме қағазға өз ойын жазып шығады. (Мысалы: ең құрметті ата-ана)

- Ең құрметті ...
- Ең құнды ...
- Ең бағалы ...
- Ең қасиетті ...

Мұғалім сөзі:

Өзіңізге кейде не үшін өмір сүріп жүрмін деген сұрақты қоясыз ба? Көбінесе біз ата-анамызға менде анау жоқ, мынау жоқ деп жиі шағым айтамыз. Бет әлпетімізге қарап қасым ұнамайды, тырнағым ұнамайды деп жиі өзімізден мін тауып тауып жатамыз. Бірақ, бір сәт ойланып қарасақ тарнағы түгілі қолы, аяғы жоқ адамдар да бар ғой. Басына бір кішкентай қиындық түссе өмірден түңіліп, адасып жүргендер қаншама? Он екі мүшесі сау бола тұра, не үшін өмір сүріп жүргендерін өздері

түсінбей, қаңғыбас болып кеткендер қаншама? Өзінің емес өзгенің өмірін сүруді армандаған Ник тағдырының тауқыметін талай шекті.

Осы тұлғаның өмірі жайлы видеоролик .

Дәйексөз:

«Өзіне-өзі сенген адам қиындықты да, уақытты да жеңе алады»

(Ілияс Есенберлин)

5. Бейнеролик «Адамның рухани кемелденуі»

6. Шығармашылық жұмыс. Топқа белгілі бір тақырып беріледі, «Біз әлемді мейрімділікке, бейбітшілікке шақырамыз» сол бойынша постер қорғайды.

Қымбатты балалар!

Өмір - көпір, от үстіне салынған,

Діңгектері зәндем отқа малынған.

Қорқу білме, аяқтарың таймасын,

Ойнап отпен, шарпу көрме жалыннан! – дей келе сіздерге мынадай кеңес беремін естеріңе ұстандар.

Қызықты өмір сүру үшін...

- ай сайын жаңа кітап оқы, оқығаныңды көңіліңе тоқы;
- икемің бар іспен айналыс;
- ертеңгілік жаттығу жаса, сергек жүресің;
- ата-анаңа, бауырларыңа, жақындарыңа көмектесіп тұр;
- әр айдың әрбір күнінде өзіңді басқа біреудің орнына қойып көр, содан өзгеше ойлап, тәлім алуға тырыс;
- әр күні кешке «мен бүгін не істедім?» деп өзіңе есеп беріп үйрен;
- күнделік жазуға дағдылан, ол сенің ең сенімді серігің бола алады.

Рефлексия:Сабақтан алған рухани- адамгершілік құндылықтар туралы әсерлеріңізді кішкентай жүректерге жазып, үлкен жүрекке орналыстырыңыздар.Сабаққа белсене қатысқан топты мадақтау.

Қорытындылау: Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өз жолдауында: «Мен сіздерге, бүгінгі жастар, ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты- біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңіздер», - деп пайымдаған. Сондықтан Қазақстанның жаңа даму кезеңі – тікелей жастардың қолында. Мәселен, мәуелі жас ағашты баптағанда ғана, оның жайқалып, түзу өсетінін айдан анық. Сол сияқты қанатын енді қаққан жастарға жүрек жылуымызды аямай төгіп, олардың ішкі рухани құндылығын дамытып және махаббатқа бөлесек нұр үстіне нұр болмақ.

